

**Керімбекова Б.Д.**  
Сүлеймен Демирел атындағы университет  
Филология ғылымдарының кандидаты

### Түркі дүниесіне ортақ құндылықтардың қазіргі қазақ поэзиясындағы көрінісі

*Бұл түркінің түбінде  
бір заңы бар:  
Батыр бола алмаса –  
Ақын емес!  
Ақын бола алмаса –  
Батыр емес!!!  
Ол да өледі!*

**С.Ақсұңқарұлы.**

Қазақ поэзиясы – ұлттық әдебиетіміздің қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да жетекші сипатымен танылған рухани құндылық. Қазақ поэзиясындағы лирикалық және эпикалық жанрлардағы шығармалардың түбі бір түркі дүниетанымы аясында философиялық-дидактикалық сарынмен жырлануы әдеби дамудағы көркемдік жалғастық жолымен дамып келеді. Түбі бір түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне, таным-тағдырларына қатысты еңбектер қазірде көптеп жазылуда. Бұл – бүгін басталған үрдіс емес, кешегі Кеңес дәуірінің өзінде де түркология ғылымы қазына толы қоймадай талайларды қызықтырғаны рас. Қазақ халқының дарынды ғалымдары мен сөз зергерлері түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына әр қырынан үлес қоса білді. Қазіргі таңда да қазақ поэзиясындағы түркі дүниесіне ортақ құндылықтар аса зор қызығушылық тудыруда.

Еліміз тәуелсіздігін алып, егемен ел болумен қатар, қазақ өлеңі де өзінің еркіндігін шын сезінгендей болды. Қай кезеңде болмасын, сол дәуірдің өзіне сай ырғағы болмақ. Қазақтың рухын көтермекке, тамырын терең тануға “бұрынғы әннен өзгерек ән” керек бола бастады. Өң мен түстей әрі-сәрі күйден арыла бастаған дәл осы тұста қазақ жыры енді өзінің өткеніне бір сәт мойын бұрып, түп қазығын іздеді. Оны бір кездерде жабулы қалған жыраулар мұрасынан, одан әрі көк тасқа қашалған көне мұраларымыздан тапты. (Тапты деппіз-ау, қазақ поэзиясының «айтқан сайын дауысының ашыла түсуіне» көктүріктер сарыны көмекке келді.

XX ғ. 90 жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ поэзиясы ұлттық сөз өнеріндегі түркі дүниесіне ортақ дүниетанымды дамыта кеңейте жырлауымен ерекшеленеді. Заманының үні болған ақындардың айтпақ ойына көктүріктер сарыны толғау жанры таптырмас әуен болғандай қазақ өлеңін пішінімен қоса, мазмұндық тұрғыда жаңа белеске көтерді. Қазақ поэзиясында арақидік байқалып қалатын бұл сарын – Т. Медетбек, С. Ақсұңқарұлы, Е. Раушанов, Ж. Әскербекқызы, т.б. сынды ақындардың жырлары арқылы қазіргі қазақ поэзиясының бір бағыты ретінде бағалана бастады. Әдебиет зерттеушілерінің айтуынша, қазақ поэзиясында ең алғаш мұндай сарын Шәкәрімнің «Қорқыттың сарыны» өлеңінен көрінеді екен.

Қазақ елінің тәуелсіздігін, бірлігін, мақсат-мұратын індетте жырлайтын осынау жақсы үрдіс, Көктүріктерге ортақ сарын қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, талантты ақын Жанат Әскербекқызының поэзиясынан да жалғастық тапты. Ақынның «Қаз қанатындағы бақұлдасуы», «Күлтегіннің қаһары», «Тоныкөктің толғауы», «Білге Қағанның «Тастағы таңба», т.б. жырларынан көктүріктер сарыны айқын көрінеді.

*Көктүркінің ұланы неге болмадым,*

*Бөрілі туды көтеріп,*

*Бөрідей жауға тиетін*

Шығыршығы торғай көз сауыт киетін.

*Көк бөрі* болып ұраным,

*Көк көлді көктей* өтер ем

*Асау көк* болып пырағым,

Балқан-тауға да жетер ем,

Төсегінен түңілген

Адам жүрер жерлерге

*Көк байрақ* тігіп кетер ем... [1, 44]

Түркі дүниетанымына ортақ «Көк» концептісін ақын барлық мағынасында қолданады. «Түріктердің табиғатты құрмет тұтуында Аспан – Көкті құдайдай көру ерекше орын алып, Көк қасиетті аспан ретінде ұғынылған. Ежелгі түріктердің космогониясында әуелгі аласапыранда аспан мен Жер, ал екеуінің арасында Адам жаратылған. Бұл туралы Күлтегіннің Үлкен жазуында айтылады: “Үстінде киелі аспан, астында қара жер, олардың арасында адам баласы пайда болды...” » [2, 47]

*Көктүркінің аруы* болып тумадым,

*Ұмай-Анаға* сыйынып,

Ерлерге сәлем қылар ем

Басымды жерге жеткізе иіліп,

Қажет те болса

Қолыма садақ алмас па ем,

Жауатын бұлттай түйіліп.

“... аналықтың аңыздық-поэзиялық қабылдануынан тәңіршілдіктің Умай деген концептісі пайда болады. Умайға байланысты түсініктер мифологиялық салаға ғана емес, анаға деген этикалық көзқарастар саласына да тән. Көне түрік тілінен умай сөзі “шарана”, шу, жатыр” деп аударылады. Бұл символдан өмірдің бастауы ретіндегі Анаға деген махаббатыттың ең жоғары этикалық мәні көрінеді [2, 70].

*Көк байрақ* қылып көтерер едім арымды,

«Көк бөрі тегім, қолда» деп,

Қамалмас едім

Қайраттан ада сорға көп,

... *Көк түсті дәуір* сағым боп кеткен, қайтейін,

Күңіреніп тұрмын

*Көк бөрінің* қаңқасы қалған орға кеп.

Шарасыздыкка ет өліп,

Шамырқанамын мұндайда.

Бөрілі байрақ көтеріп,

Бөрідей жортар күн қайда?!

Көк бөрі рухты түркі елім,

Ауызын айға білеген.

Тірілмес бөрі Күлтегін,

Жазайын жоқтап бір өлең [1, 45].

« Иісі түркі жұртының киесіне айналған Көкбөрі туралы аңыз мұқым Еуропаға мәшһүр болған. Тарихи тұрғыдан алғанда қиғаш келетін жайлардың өзін қиыннан қиыстырып, көшпелілердің сенімін шындыққа балап, оларды қорлау мақсатымен неше түрлі аңыздар шығарған [3, 39].

Алайда тақырып ортақ, әуен ұқсас болғанымен, ақындардың қалам қарымы бірін-бірі қайталамайды. Көне түркі дүниетанымындағы киелі ұғымдар: Көк Тәңірін, Ұмай ана мен көк бөріні бүгінгі қазақ қоғамындағы өзгерістермен ұштастыра жырлайды. Ақын Темірхан Медетбекте бұл былайша көрініс табады:

Арлан қасқырдың

Көз алдында

Жалған дүние- баяғыдай!  
 Құбылып жатты:  
 Ал тұла бойынан  
 Бөрілік қуат кайтып,  
 Болат сымдардай түгі  
 Шіріген шөптей боп  
 Жығылып қапты.

Өліп барады!

Қасқыр  
 өз өлімінен өлсе  
 көзге көрінбей  
 құриды дейтіні қайда?  
 Алыспай өлгеніне намыстанып  
 Айға қарап  
 Ұлиды дейтіні қайда? [4, 232].

«Көк Түріктің қара шаңырағы біздің қазақ екеніне көз жеткізу үшін археологиялық қазба, генетикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шаң басқан көне тарихи мұрағаттарды ақтарып, төңкерудің қажеті жоқ, Темірхан Медетбектің “Көк Түріктер сарынын” оқып шықсаңыз жетеді. ... Темірхан Медетбек – қазақ жырындағы соны құбылыс! Ерен әрі ерек құбылыс. Қазақ жыры нотасындағы Темірхан Медетбектің Көк Тәңірден қуат алып, Көк Бөрімен шарболаттай шарпысқан “Көк Түріктер сарыны” адамзат тарихында үш мың жылдай асыр салған көшпелі салт аттылар тұяғының салқар симфониясына ұласты. Қазақ поэзиясында көне Көк Түріктер сарынымен алғаш бетпе-бет келген ақын – осы Темірхан Медетбек, сол симфонияны да оның өзі тамамдап кетуі керек. Оған орта жолдан килігуге ешқайсымыздың моральдық қақымыз жоқ! Темірхан Медетбек жырының жұлын-жүйесі осы күнгі қазақ поэзиясынан мүлде бөлек. Күлтегін жырының ХХІ ғасырдағы соны сорабы, жаңа жаңғырығы секілді» [5]. Бір ақынды келесі бір ақынның дәл осылайша риясыз бағалауы тарихта сирек кездесетін жайт. Бұл пікірдің авторы – ақын С. Ақсұңқарұлы.

«Серік Ақсұңқарұлының өлеңдерінде қасқырдың символы айрықша орын алады. Оның поэзиясында «ақынның үшінші дауысы болып» (Томас Элиот ) көбінесе қасқырдың образы сөйлейді. Алайда оның өлеңдеріндегі осы бір дала тағысы «Бөрі басы ұраным, бөрілі менің байрағым, бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» деп Аронұлы Сүйінбай ақын жырлаған қасқырдан мүлде бөлек образдың символы», – дейді Амангелді Кеңшілікұлы.

Мен –  
 Ұлыған Көк Бөрісі Даланың,  
 Ұлымауға амалым жоқ, амалым.  
 Құлдар сүйді –  
 Құл иелену заманын!  
 Сұмдар сүйді, -  
 Сұм иелену заманын!!

Қайтем енді құлға кеткен есемді?!  
 Қайтем енді сұмға кеткен есемді?!  
 Бітті менің заманым!  
 Хош, енді..

Серік Ақсұңқарұлы – жыр әлеміне ХХ ғасырдың ортасынан бастап енгенімен, нағыз ХХІ ғасырға керек ақын. «Ақын өз миссиясын орындау үшін өзінің ұстанымын, өз кредосын айқындап алуы шарт. Серік Ақсұңқарұлы әу бастан Қасқыр-Бөріні өз рухының ұлттық мүдде» атты мақаласында. Қасқыр-Бөрі ақын шығармашылығындағы жай ғана метафора емес, бағзыда өткен ер де жаужүрек даңқты бабалармен байланысқа түсудің тетігі.

Акын өзінің интуициясымен өз керегін дәл тапқан, рухтың қайнар көзін дөп басады. Қасқыр- Бөрі – бабаларымыздың тотемі- желеп-жебеушісі, ешкімге бас имейтін өр Рухының символы. Халық бодандыққа түсіп, өз рухынан адасқанда, Акын ғасырлар қойнауында жасырынған, әрбір қазақтың жүрегінде шөгіп жатқан, қанында бар, бірақ қазір керексіз болып қалтарыста қалған Қасқыр-Рухты шақырады. Қасқыр-Рух арқылы тарихтың бұралаң соқпақтарында бір сәтке қалғып кетіп, қасиетінен айырылып Қасқырдан Итке айналған Қазақтың рухын шақырады» [6].

Жек көрем итгі!

Алысып жүрем,

Шабысым жүрем!

Қағынып...

Сайын даланың тағысымын - мен,

Не деген ғажап - тағылық!

Шауып түсемін!

Күш ағысымды

Сыйғыза алмай ішіме.

Адамның алмас пышағы сынды

Ырзамын азу тісіме!

Қасқыр - бабалар!

Бар ұлыстардың

Мазасын алып манадан -

Иттермен болған қанды ұрыстардың

Иісін сезем даладан.

Түріктердің пірі – көкбөрі. Діні исламға дейін – көк тәңірісі, аспандағы алтын күн. Көкбөрі тотемінің бүгінгі күні де жандана бастауының өзі, тек түрік халықтарына ғана тән дүниетанымның беріктігін көрсетеді.

Акындар поэзиясына ортақ Темірқазық тақырыптың бірі – Жер. Көшпелі ғұмыр кешкен түркілер үшін тұлпарының тұяғы жеткен жердің бәрі бағзы замандардан қасиетті, киелі саналған. Түркілер үшін Жер өмірлерінің бөлінбес бір бөлшегі.

Көне Ғұн тауын аңсадым,

Өтүкен сонда дейді ғой.

Біледі жұмбақ қанша сырды кім?

Түйсікті түртер кейбір ой.

Тәңірқұтының тағы бар ма екен,

Тас болып тұр-ау Ғұн тауда.

Бүгінгі тентек сағынар ма екен,

Ынтығар ма екен бұл тауға...

Ғұн тауы еді паналар жері,

Бөрілер бүгін құрыған.

Тау жүрегі де жарадар ма еді,

Бір үн естимін ұлыған,

... Көне Ғұн тауын аңсадым, аға... [5, 30], – дейтін акын Ж. Әскербекқызының өлеңіне өзек болған қасиетті мекеннің бірі – Өтүкен.

Өтүкен – тұрағымыз еді,

азаттық – ұранымыз еді,

көк сүңгі қаруымыз еді,

күлік – пырағымыз еді [5, 198].

Өтүкен – қазақ поэзиясында жиі кездеспегенімен, түбі бір түркі жұртына ортақ құндылық. Қазақ танымына етене сіңген Жерұйық іспеттес. Бұл турасында ғалым А. Шәріп былай деп жазады: "... байырғы түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы халықтың бірлігіне, берекесіне және бақытына ұйытқы болатын мекеннің аты – Өтүкен.

Расында да, халық табаны тиген жердің бәрін бірдей жерұйыққа баламақ түгілі, бет алды қастерлеп-құрметтей бермеген ғой. Сонда Өтүкенде алабөтен не құпия бар? Мұның мәнісін тарихшылар Қ.Аманжолов пен Қ.Рахметов төмендегіше түсіндіреді: “Ежелгі түркілер қаған тегінің жебеуші рухы саналған қасиетті Өтүкен сұлбасын /Хангай тауларын/ ерекше пір тұтқан. Ондағы ата-бабалар үңгірінде түркі аңызы бойынша бөрі /қасқыр/ түркілердің ата-бабаларын дүниеге әкелген, бұған қаған жылына бір рет құрбандық шалған” [7, 50].

Заман ағымына сай өмірімізге еніп жатқан өзгерістермен қатар, әдебиетімізде де жаңа бағыттардың бағыттардың көрініс беруі заңды нәрсе. Бастауын тереңнен алатын Көктүріктер сарыны – толғаулар сарыны қазіргі қазақ лирикасын тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңартумен қоса, ырғақтық-интонациялық жаңалықтар әкелді. Қазақ поэзиясының формалық тұрғыдан жаңаруының негізін сол поэзияның ішкі тақырыптық-көркемдік жүйесі, экспрессивтік-эмоционалдық сипаты тұрғыдан жаңғыруынан іздеу қажет. Поэзиядағы мұндай сонылық сарын ретінде ғана көңіл аударып қоймай, дәстүр жалғастығы ретінде де әрі қарай зерттеуді талап етеді.

### Пайдаланған әдебиеттер:

Ж. Әскербекқызы. Қаз қанатындағы ғұмыр. – Алматы, 2007.

Қазіргі түркі философиясы. 20- том. Алматы: Жазушы, 2009.

Т. Жұртбай. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. Алматы, Жазушы. 2- том.

Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. Өлеңдер мен дастандар. 1-том. Алматы: – Жазушы, 2007 ж.

С. Ақсұнқарұлы Тонькөк пен Темірхан // Жас қазақ үні. 04.03.2010.

Омар Жәлелұлы Қазақ поэзиясындағы ұлттық мүдде. «Qogam.kz» сайты

Шәріп А. “Көне түркі тасбітіктеріндегі утопиялық идеялар». Кітапта: Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы”. Астана. 2004.50 б.

### Резюме

*В данной статье рассматриваются общие ценности тюркского народа в творчестве известных казахских поэтов как Т. Медетбек, С. Аксункарулы, Ж. Аскербекқызы, а через них вошедшие в казахскую поэзию традиции и новаторство.*

### Resume

*This article discusses the common values of Turkish people in the work of well-known Kazakh poet as T. Medetbek, S. Aksunkaruly, J. Askerbekkyzy, and through them included in the Kazakh poetry tradition and innovation.*

### Özet

*Bu yazıda, T. Medetbek, S. Aksunkaruly, J. Askerbekkyzy olarak bilinen Kazak şair çalışmalarında Türk halkının ortak değerlerini tartışır ve onları Kazak şiir geleneği ve yenilik dahil aracılığıyla.*